

**Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда,
квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілері үшін бірдей тауарлардың тізбесін
бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 9 қарашадағы № 1152 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 16 қарашада № 30566 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бүйрық 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі

"Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілері үшін бірдей тауарлардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектордың сатып алуы заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрық 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қаржы министрі

E. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары-
Қаржы министрлігінің
2022 жылғы 9 қарашадағы
№ 1152 бүйрығымен
бекітілген

**Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда,
квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілері үшін бірдей тауарлардың тізбесі**

№	Атауы
1.	Кеңсе жабдықтарына арналған қағаз (A4 форматы, тығыздығы 80 г/м ²)
2.	Күнделік (A5 форматы)

Аббревиатураларды таратып жазу:

г/м² – грамм/метр²

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК